

Зерттеу жұмысының дәлелділігі мен негізділігі. Қортындылардың әдіснамалық және теориялық қағидалар арқылы дәлелденуімен, кешенді әдіс–тәсілдердің пайдаланылуымен, зерттеу нәтижелерін тәжірибелік–эксперимент жұмысы арқылы тексерілуі.

Зерттеу нәтижелерін синақтан еткізу Әзірленген тезистерді енгізіп, қолданатын орын.

Анықтамалық аппарат. Библиография, қосымша.

#### **Әдебиеттер:**

1. Р.А. Сабитов Основы научных исследований. – Челябинск, 2002.
2. Өтегенова Б.М. Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдіснамасы мен әдістері: дәріс жинағы. Костанай, 2010.
3. Н.Г.Мосунова Научно-исследовательская культура студентов –Тюмень, 2005.

#### *Аннотация*

*В статье рассматриваются вопросы обработки понятийного аппарата исследовательской работы как способ повышения исследовательской грамотности студентов.*

*The article the questions of the thinking mechanism's processes of investigation work as means of increasing the investigation literacy of students are considered.*

## **АСПАПТЫҚ ҮЙІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ**

**Жартыбаева А.А.**

*Қазақстан, М.Әтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті*

Қазақстан Республикасы егеменді ел болғалы ғылым, мәдениет салаларында жасалып жатқан шаралардың барлығы – жас үрпақта жалпы адамзаттық және жеке үлттық игіліктер негізінде тәрбие мен білім беру ісін неғұрлым жоғары деңгейге көтеріп, сапасын түбекейлі жақсартуды талап етеді.

Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін, педагогика ғылымы халықтың өткендеңі мәдени мұрасын, педагогикалық ой-пікірлер саласында жинақталған барлық құнды, қажет жәдігерліктерді және халық ағарту мен қоғамның даму кезеңдеріндегі тәжірибелерді зерттеп, пайдалануы қажет.

Халқымызда музыка мәдениетінің тынысы мол, шоқтығы биік, сан алуан мазмұнды, әр салалы, түрлі болып келеді. Жас жеткіншектерді халқымыздың алтын қорымен таныстыру дегеніміз – оларға өз халқының тарихына, тіліне, өнеріне, салт-санасына сүйіспеншілік есігін ашып беру деген сөз. Халқымыздың музыкалық аспаптарының үнінен қазақ үлттының сыршыл сезімдерін таңғажайып құбылыстарымен ұштастыра білгенін байқауға болады. Өз дала-сының құнкеріс кәсібіне тән, өмір құбылыстарын адамның сезім түйсігімен байланысып жатқанын музыка аспаптарының көмегімен халқымыз біздің заманымызға жеткізе алды. Сондықтан баланы үлттық музыкаға тартып, халық өнеріне құрметпен қарау, оны сую, үлттық салт-дәстүрлерді қастерлеуге тәрбиелеу басты парызымыз. Үлттық дүние бала жүргегінен орын алса, оны өмірдің мәні деп қабылдаса, онда ол ертеңгі өзінің Отанының, халқының, тұған жерінің азаматы болады деп сеніммен айтуда болады.

Мәдениет әрқашанда тарихпен тығыз байланысты. Әсіресе, қоғамдық өмірдің сан алуан сыры күмбірлекен күй мен шырқалған өндерден өз көріністерін тауып отырған. Үрлеп және үрып ойналатын аспаптар ерте заманда адамдардың бір-біріне дыбыс беруі үшін немесе аң мен құстың дауысын салу үшін пайдаланылғаны ешқандай дау туғызбаса керек. Мұндай аспаптарды біздің арғы аталарымыз жорыққа шыққанда, аң аулағанда өздерімен бірге ала жүрген, сондай-ақ діни салт-жораларда, бекзадалардың сауық-сайранында пайдаланған. Әсіресе, дабыл қағуға өте қажет болғандықтан көне аспаптардың үрлеп тартылатын және мембранның үрып ойналатын түрлері өте көп болған, өйткені, бұлардың дауысы қатты шығады. Ал, кейін келе сирек қолданылатын болғандықтан осы айтылған аспаптардың кейір

түрлөрі мұлде ұмыт қалған. Қоңе аспаптардың бір қатары ән мен жырды сүйемелдеу үшін пайдаланылған. Халықтың ән-күйінің дамуы аспапты жетілдірумен және орындау шеберлігін арттырумен қатарласа жүріп отырған. Әуелгі қарапайым әндер әдетте аспаптың техникалық мүмкіндігіне қарай, сондай-ақ айтушының өнері мен шеберлігіне қарай түрлі нұсқада орындалып келген.

Әл-Фараби музикалық аспаптарда шебер орындаушы болды, жанынан ән-күй шығарды, музиканы зерттеді, аспаптардың жаңа түрлерін өзі ойладауда, жасап шығарды және жетілдірді, өз замандастары қобызышы Нышан Абызбен, аты аңызға айналған күші Қорқытпен таныс болған. Олардың орындаудағы «Құс жолы», «Жез табақ», «Сыр сандық», «Желмая» күйлерімен танысады [1,6].

Халықтың музика мен музикалық аспаптарының пайда болуын және даму жолдарын зерттеу қазіргі музика тану саласындағы абыройлы да ардақты жұмыстардың бірі болып саналады. Бұл – музика өнерінің халықтығы мен ұлттық өзгешелігі, халық шығармашылығының көркемдік жағынан баюы сияқты мәселелермен тығыз байланысты.

Музикалық аспаптарды зерттеу және қайта жасау ісі Ұлы Октябрь революциясынан кейін қолға алынды. Осы орайда А. Агажанов, И. Жинович, А. Руднева, М. Лисенко, А. Гумениук, П. Никифоров, И. Кортua, Г. Благодатов, С. Абдуллаева, Ф. Соколов, К. Вертов, А. Мирек және тағы басқа музика зерттеушілерінің еңбектерін атап көрек [1,56].

Орта Азия халықтарының музика мәдениеті жайында бағалы еңбектер, белгілі ғалымдар В.М. Беляев пен В.С. Виноградовтың қаламынан туды. Ал, Н. Миронов, С. Векслер, А. Петросянц, Т. Вызго және Ф. Кароматов сияқты музика зерттеушілері өзбек музика аспаптарының сыр-сипатын ашуға және оларды жетілдіре түсуге көп еңбек сінірді.

Аспаптану ғылыми енді ғана өркендеп келе жатыр. Бұл саладағы арнайы жұмыс Қазақстанда 1964 жылдан бері ғана қолға алында. Ұзак уақытқа дейін музикалық аспаптың не бары төрт түрі ғана белгілі болып келген, ал халқымыздың музикалық түрмисында домбыра, қылқобыз, сыйызғы ғана пайдаланылатын. Ал, қазір музикалық аспаптардың жиырма тоғыз түрі белгілі болып отыр. Қайта өңдеу, жетілдіру, ансамбльдер мен оркестр құрамына енгізу сияқты әрекеттердің нәтижесінде халықтың музикалық аспаптары жаңа техникалық мүмкіндіктеге ие болды.

VII–XIII ғасырдағы ежелгі түрік жазу-сзызулары бойынша сол кездегі кеңінен тараған музикалық аспаптарын зерттеу мәселесі сөз болады. «Қоңе музикалық аспаптар тарихынан» деп аталатын бірінші тарауда қазіргі түрік тілдес халықтардың-алтайлықтардың, хакастардың, туvalықтардың және якуттардың музикалық аспаптарының үқсас ерекшеліктері сипатталады.

Қоңе музикалық аспаптардың пайда болуы мен дамуы, олардың дыбыс тербелістері, интервалдары, тағы басқа осындай толып жатқан ерекшеліктері жөнінде орта ғасырда өмір сүрген ғұлама ғалым Әл-Фарабидің еңбектерінен небір бағалы деректерді табамыз. Оның үстінен ғалым вокальдық және аспаптың музикаға байланысты мәселелердің де бетін ашып беөреді.

Ағартушы-ғалым Шоқан Уәлиханов (1835–1865) шығармаларының толық жинағында қазақтардың, қырғыздар мен үйғырлардың халық музикасының жанрлық ерекшеліктері мен қоңе аспаптары жайында, халық ішінен шыққан дарынды орындаушылар жөнінде бағалы мағлumatтар бар. Ш. Уәлиханов өткен ғасырдың ортасында-ақ қоңе аспаптардың халық түрмисінде қолданылмайтыны және соның салдарынан халықтың кейбір ән-күйлерінің орындалмай жүргендігі жайында қынжыла жазған еді. Әдебиеттерде келтірілетін, фольклорда айтылатын жайларға сүйене отырып іздестіру жұмыстарын жүргізуіндегі нәтижесінде, сондай-ақ, музейлердегі бүйімдарды пайымдау, экспедицияларға шығу арқасында қазақтың тағы да тоғыз қоңе аспабы табылды. Бұлар – саз сырнай, үскірік, тастауық, бұғышақ, тұяқтас, дудыға, қоссырнай, ысқырауық және қоңырау. Домбыраның, сыйызғының, қылқобыздың, асатаяқтың, қамыс сырнайдың көптеген басқа түрлері бар екені анықталды. Екінші тараудың «Қазақтың музикалық аспаптарын жіктеу» деп аталатын бөлімі осы аспаптарды жүйелеуге арналды [2,7].

Төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші және сегізінші тарауларда қазақтың үрлеп ойналатын, ішектері сым тілшелі, ұрып ойналатын және сілкү арқылы дыбыс шығаратын аспаптары сөз болады. Аспаптарды қайта жасау, оларды жетілдіру және оларда ойнау жөнінде бұған дейін әңгіме болмаған практикалық мәселелер қозғалады. Автор музыка аспаптарын жасаудың шеберлері Оразғазы Бейсембаевпен, Әбузар Аухадиевпен бірлесе отырып, ұмыт болған аспаптарды қайта жасау ісімен он жылдан астам уақыт айналысты. Сөйтіп, олар осындағы аспаптың көптеген ұлгісін жасап шығарды. О.Бейсембаев этнографиялық жазбаларға, суреттерге және ескі ұлгілерге сүйене отырып, аспаптардың бейнесін қалпына келтіру жөнінде көп жұмыс істеді. Ол жетігеннің, домбыраның, қылқобыздың, шертердің, данғыраның, кернейдің ұлгілерін, асатаяқтың бірнеше түрін жасап шығарды. Ә.Аухадиев жетіген, шерттер, домбыра, асатаяқ, данғыра, дабыл тағы басқаларының анағұрлым жетілдірілген түрлерін жасаумен айналысты [2,17].

Жетілдірілген аспаптарды ансамбльде ойнап көру, қабылдау қажет болды. Осы мақсатпен Алматыда қазақтың көне музыкалық аспатарынан арнайы ансамбль құрылды.

Көне аспаптарды қайта жаңғырту және оларды ойнау әдістерін қалпына келтіру жөнінде белгілі практикалық жұмысты атқару қажет болды. Ол үшін жұмыстың мына төмендегідей әдісі таңдал алынды:

–этнографиялық жазбаларға, түсірілген суреттерге, музейлердегі көне ұлгілерге, сондай-ақ, ел ішінен немесе археологиялық қазбалардан табылған нұсқаларына қарай отырып, аспапты әуелгі қалпына келтіру;

–аспаптың дыбыс шығару мүмкіндігін, аспаптарда ойнау дәстүрі мен тәсілдерін зерттеп, оған арнайы репертуар дайындау жұмысы түрді;

–концерттерде ойнай отырып көне музыкалық аспаптарды игеру;

–аспаптардың ескі ұлгілерін жалпы музыка мәдениетінің қазіргі даму дәрежесіне сайжетілдіру;

–аспаптың көне ұлгісінің негізінде жетілдіріп, қайта жасалған аспаптарды игеру және онымен көпшілік алдында өнер көрсету;

–аспаптың үнін жақсарту, диапазонын кеңейту, халық шығармаларын және қазіргі заманғы музыканы орындау.

Аспаптарды жетілдіру-оларды орындау шеберлігін дамытумен тығыз байланысты, ал орындау шеберлігі үрпақтан-үрпаққа жалғасып отыратыны белгілі.

Аспапты тарту – күрделі психологиялық процесс. Үйірмеге қатысуышыларға музыкалық-эстетикалық тәрбие берудің құндылығы оқу процесінің мазмұны мен үйымдастырылуына тікелей байланысты. Аспапта ойнау дағдысын қалыптастыру жалпы дамумен: ой-өрісін, ақыл-есін танымдық процестерін: қолмен ұстау, көру, есту, қол қимылы мүшелерінің қызметі қатар жүреді. Ол – түсіну әрекетімен байланысты. Сезімнің дүниетану, күй тарту, музыка тындау әрекетіне ықпалы нәтижесінде оқушының сазды қабылдауы, көңіл-күйіндегі өзгерістерге, құбылыстарға қатынасы, оның әрекеті олардың жас ерекшеліктеріне ықшамдалип беріледі. Аспаптың үйірмеде оқушы күйдің атын, мазмұнын, жанрлық түріне, ыргағына, сипатына қарай мінездеме бере білуі, екі күйді салыстыру арқылы қорытынды шығаруы, музыкалық шығарманы талдауға қатынастырылады. Оқушылар үйірменің мәнін, мағынасын түсіне білуі керек. Оқушылар үйірменің сабағын олардың музыкалық есту сезімін қол қимылымен байланыстыра ыргақты қабылдау қабілеттерін, өнерін, музыкалық білімін, мәдениетін көтеріп, жан-жақты, өнерлі болып қалыптасуга көмектесетіндігін кең мағынада түсінетіндей, пайдасын, маңызын ұфатындағы етіп жеткізе білу қажет. Егер оқушы бойында оқу себеп-керлігі қалыптасса, аспапты үйренудің мағынасын үқса ол үйірменің сабағына үзбей бар ынтасымен, қызыға қатынасатын болады. Үйретілетін әнді, күйді таңдал алысымен мұғалім оқушыларға үйден, өздері күйді сазымен, мәнерлеп, екпінін сақтай отырып айтуға қалыптастырады. Жақсы орындау үшін әртүрлі дыбыс қатарлары мен жаттығуларды орындаудың маңызы зор. Оқушылар мұғалім көрсеткен ұлғіні есте сақтап, оның орындаған күй ыргағына, қимыл-қозғалысына көңіл аударады. Мұғалімнің үйретілетін күйді жеке өзінің сазына келті-

ріп орындауы оқушыларға үлкен әсер етеді. Оқушылар мұғалім орындаған күйді ықыластана тыңдайды. Оның орында мақамы мен өзін ұстасы балаларға ерекше әсер етеді. Сондықтан мұғалімнің үйірме сабағына жақсы дайындалып келуі керек [3,12].

Аспаптық шығармалар туралы А.Жұбановтың, У.Бекеновың А.Сейдімбековтың, А.Райымбергеновтың, Х. Балтабаевтың жазған зерттеулеріне сүйенеміз. Сондықтан оқушыларға аспаптық шығармалардың мағынасын түсіндіру қажеттігі туады. «Күй», «Аспаптық үйірме» ұғымына анықтама бере отырып, аспаптық шығармалардың топтамасын жасау және бағдарламаға сай сабакта оқушыларға тыңдату.

Аспаптық үйірмеге қатысушыларды нотаға үйреткенде, оны оқытып ойнатқанда ноталарды бормен тақтаға жазып, олардың бәрі бірдей жаттығуын талап ету керек. Ол үшін, әрбір жаттығуды жетекшінің ешбір көмегінсіз олардың әрқайсысы біртіндеп тақтаға жазулары тиіс. Бұдан кейін әр жаттығуды олардың орнына, атына және дыбыс үндестігіне қарай нешеге есептелеңдігін айтып, оқып шығу талап етіледі. Сөйтіп әр жаттығуды дұрыс ойнау керек екенін біліп алып, асықпай, жаймен аспапта, ойнап шығу керек [4,82].

Ал жазылған тиісті ноталарды ойнау үшін, оларды аспаптан табу үшін:

1. Нота басқышында жазылған нотаның атын және оның қай октавада жазылғанын білу керек.

2. Бұл ноталардың аттарын және октаваны табу үшін арнайы дайындалған көрнекілікten қарau керек.

3. Көрнекілік бойынша тиісті пернені тауып алғаннан кейін, оны керек дыбысқа қарай басып ойнай отырып, кілт түбіндегі қозғау белгілерін (диез, bemol) естен шығармау керек [4,32].

Өнердің бала тәрбиелеудегі маңызын айта келіп, Н.К.Крупская быладай деген еді: «Балаға өнер арқылы өзінің ойлары мен сезімдерін тереңірек түсінуіне, айқынырақ ойлап, тереңірек сезінуіне көмектесу қажет». – деген болатын. Қорыта айтқанда, оқушылардың аспаптық үйірме арқылы музыкалық қабілетін жетілдіру оқушы бойындағы ести білу және есте сақтау, ыргақты сезіне білу, нота сауатын жеткілікті дөрежеде игеруге, бірігіп ұжыммен ойнау сауаттылығына үйретеді.

#### Әдебиеттер:

1. Мұхамбетова С.Қ., Қожаева С.Қ. Тәрбие теориясы. – Астана, 2006. – 1876. Б.1,5.
2. Сарыбаев Б. Қазақтың музикалық аспаптары. – Алматы: «Өнер». – 1991. – 2056. Б.7,17.
3. Бекенов У. Шертпе күй шеберлері. – Алматы: «Жалын». – 1998. – 1326. Б.12,38.
4. Жанұзақова З. Қазақ халқының аспаптық музыкасы. – Алматы, 2000. – 1256. Б.32,82.

#### Summary

*Students through instrument club to perfect ability music along children to hear music to memorize, to feel rhythm and it is enough to master a musical deed uniting with a collective teaches to play correctl.*

## ПУТИ ПОВЫШЕНИЯ ЭФЕКТИВНОСТИ УРОКОВ ЕСТЕСТВОЗНАНИЙ СПЕЦИАЛЬНОЙ КОРРЕКЦИОННОЙ ШКОЛЕ ДЛЯ ДЕТЕЙ С НАРУШЕНИЕМ ИНТЕЛЛЕКТА СРЕДСТВАМИ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

**Искакова Г.К.**

*Казахстан. ГУ «Лисаковская коррекционная школа – интернат»*

Настоящий период развития образовательного пространства современного Казахстана требует становления своей, национальной модели образования. Этот процесс сопровождается изменением образовательной парадигмы. Новая образовательная парадигма выдвигает на первое место не знания, умения и навыки, а личность ребенка, её развитие посредством образования.